



## ضَعُ اسْمَ حَيَوَانٍ أَوْ طَيْرٍ فِي الْفَرَاغِ

\*Жануардың немесе құстың есімін бос жерлерге қой:

1 {وَإِذْ قَالَ مُوسَى لِقَوْمِهِ إِنَّ اللَّهَ يَأْمُرُكُمْ أَنْ تَذْجُوهَا (.....)}

{ Әрі кезінде Мұса өз еліне: "Аллаһ сендерге бір (.....) бауыздауды бұйырады",- деген еді.}

2 {فَالْتَقَمَهُ (.....) وَهُوَ مُلِيمٌ}

\* {Сөйтіп оны жазғырылуға лайық болған күйінде (.....) жұтты.}

3 {وَتَفَقَّدَ الطَّيْرَ فَقَالَ مَا لِيَ لَا أَرَى (.....) أَمْ كَانَ مِنَ الْغَائِبِينَ}

{ Әрі ол құстарды түгендеді де: "Неге мен (.....) көрмей тұрмын, әлде ол келмей қалғандардан болды ма?"}

4 {فَبَعَثَ اللَّهُ (.....) يَبْحَثُ فِي الْأَرْضِ لِيُرِيَهُ كَيْفَ يُورِي سَوْعَةَ أَخِيهِ}

{ Сонда Аллаһ оған бауырының мүрдесін қалай жасыруды көрсету үшін жер қазған бір (.....) жіберді }

5 {قَالَ إِنِّي لَيَحْزُنُنِي أَنْ تَذْهَبُوا بِهِ وَأَخَافُ أَنْ يَأْكُلَهُ (.....) وَأَنْتُمْ عَنْهُ غَافِلُونَ}

{Ол: "Сендердің оны алып кетулерің мені уайымға салады. Әрі сендер қаперсіз қалғандарыңда, оны (.....) жеп кетуінен қорқамын", - деді}

6 {يَأْيُهَا (.....) ادْخُلُوا مَسَاكِنَكُمْ لَا يَحْطِمَنَّكُمْ سُلَيْمَانُ وَجُنُودُهُ وَهُمْ لَا يَشْعُرُونَ}

{"Ей, (.....)! Илеулеріңе кіріңдер! Сүлеймен және оның әскерлері сендерді байқамай таптап кетпесін!"}

7 {إِنْ هَذَا أَخِي لَهُ تِسْعٌ وَتِسْعُونَ (.....) وَلِيَ (.....) وَاحِدَةً}

{ Бұл – менің бауырым. Оның тоқсан тоғыз (.....) бар, ал менің бір ғана (.....) бар. }

8 {فَمَثَلُهُ كَمَثَلِ (.....) إِنْ تَحْمِلْ عَلَيْهِ يَلْهَثْ أَوْ تَتْرَكْهُ يَلْهَثْ}

\*{ Оның сиқы – оған тиіссең де тілін салақтатып, тиіспесең де тілін салақтатып тұратын бір (.....) секілді.



9 {أَلَمْ تَرَ كَيْفَ فَعَلَ رَبُّكَ بِأَصْحَابِ (.....)}

{Раббыңның (.....) иелеріне не істегенін көрмедің бе?}

10 {كَأَنَّهُمْ (.....) مُسْتَنْفِرَةٌ \* فَرَّتْ مِنْ (.....)}

{бейне бір үріккен жабайы (.....) тәрізді}{(.....) қашқан}

11 {فَالْقَىٰ عَصَاهُ فَإِذَا هِيَ (.....) مُبِينٌ}

\*{Сонда ол таяғын тастады. Сол бойда ол анық (.....) айналды.

12 {مَثَلُ الَّذِينَ حُمِّلُوا التَّوْرَةَ ثُمَّ لَمْ يَحْمِلُوهَا كَمَثَلِ (.....) يَحْمِلُ أَسْفَارًا}

\*{Өздеріне Тәурат міндеттеліп, кейін оны алып жүрмегендердің мысалы – кітаптар артылған (.....) сияқты.}

13 {وَيَا قَوْمِ هَٰذِهِ (.....) اللَّهُ لَكُمْ آيَةٌ فَذُرُّوْهَا تَأْكُلْ فِي أَرْضِ اللَّهِ وَلَا تَمَسُّوهَا بِسُوءٍ}

{Әй, елім! Мынау – Аллаһтың (.....), сендер үшін бір мұғжиза-белгі. Ол Аллаһтың жерінде жайылып жүрсін, оны жайына қалдырыңдар. Оған жамандық істеп, тиіспендер.}

14 {وَأَوْحَىٰ رَبُّكَ إِلَىٰ (.....) أَنْ اتَّخِذْ مِنَ الْجِبَالِ بُيُوتًا وَمِنَ الشَّجَرِ وَمِمَّا يَعْرِشُونَ}

{Әрі Раббың (.....) білдіріп: "Таулардан, ағаштардан және олардың тұрғызғандарынан ұя жасап ал.}

15 {فَأَرْسَلْنَا عَلَيْهِمُ الطُّوفَانَ وَ(.....) وَ(.....) وَ(.....) وَالذَّمَ آيَاتٍ مُّفَصَّلَاتٍ فَاسْتَكْبَرُوا}

{Біз оларға анық көрсетілген белгі-мұғжизаларды:(.....){, (.....), (.....) және қан жібердік. Бірақ олар менменсіп өздерін жоғары санады әрі олар қылмыскер ел еді.}

16 {مَثَلُ الَّذِينَ اتَّخَذُوا مِنْ دُونِ اللَّهِ أَوْلِيَاءَ كَمَثَلِ (.....) اتَّخَذَتْ بَيْتًا}

{Аллаһтан өзге біреулерді қамқоршы етіп алғандардың мысалы – өзіне тұратын жай жасап алған (.....) мысалына ұқсайды}

17 {فَلَمَّا عَتَوْا عَمَّا نُهَوْا عَنْهُ قُلْنَا لَهُمْ كُونُوا (.....) خَاسِبِينَ}

\*{Олар өздеріне салынған тыйымнан шыққан кезде, оларға: "Жеккөрінішті (.....) болыңдар!" - дедік.





18 {أَفَلَا يَنْظُرُونَ إِلَى (.....) كَيْفَ خُلِقَتْ}

{Олар (.....) қалай жаратылғанына қарамай ма?}

19 {خُشْعًا أَبْصَارُهُمْ يَخْرُجُونَ مِنَ الْأَجْدَاثِ كَأَنَّهُمْ (.....) مِّنْتَشِرُونَ}

{олардың көздері қорлана жасыған күйде, бытырап жайылған (.....) секілді қабірлерден шығады}

20 {يَوْمَ يَكُونُ النَّاسُ (.....) الْمَبْثُوثِ}

{Ол күні адам баласы бытырап таралған (.....) болады}

21 {مَنْ لَعَنَهُ اللَّهُ وَغَضِبَ عَلَيْهِ وَجَعَلَ مِنْهُمْ (.....) وَ (.....)}

{Аллаһтың лағнетіне әрі (.....) ашуына ұшырағандар және Ол олардың кейбірін (.....) мен (.....) айналдырғандар}

22 {فَرَاغَ إِلَى أَهْلِهِ فَجَاءَ (.....) سَمِينٌ}

{Ол ақырын әйеліне шығып, әзірленген бір семіз (.....) әкелді}

23 {فَالْقَاهَا فَإِذَا هِيَ (.....) تَسْعَى}

\*{Ол оны тастады. Сонда ол ирелендеген (.....) айналды.

24 {ثَمَانِيَةَ أَزْوَاجٍ مِّن (.....) اثْنَيْنِ وَمِنْ (.....) اثْنَيْنِ}

{Ол малдар - жұбымен сегіз. (.....) екеу және (.....) екеу}

25 {إِنَّ اللَّهَ لَا يَسْتَحْيِي أَنْ يَضْرِبَ مَثَلًا مَا (.....) فَمَا فَوْقَهَا}

{Ақиқатында, Аллаһ (.....) және одан да арғысын мысал етіп келтіруден ұялмайды}

26 {قَالُوا نَفَقْدُ صَوَاعِ الْمَلِكِ وَلِمَنْ جَاءَ بِهِ حِمْلٌ (.....) وَأَنَا بِهِ زَعِيمٌ}

{Патшаның ыдысын жоғалттық. Оны әкелген кісіге бір (.....) жүк сыйлық бар. Ал мен осыған жауаптымын}

27 {إِنَّهَا تَرْمِي بِشَرَرٍ كَالْقَصْرِ كَأَنَّه (.....) صَفْرٌ}

{Бейне бір сары (.....) ұқсаған}

28 {قَالَ هِيَ عَصَايَ أَتَوَكَّأُ عَلَيْهَا وَأَهُشُّ بِهَا عَلَى (.....) وَلِي فِيهَا مَارِبٌ أُخْرَى}

{Бұл менің таяғым. Оған сүйенемін және онымен (.....) талдан жапырақ қағып беремін. Әрі онда басқа да қажеттерім бар", - деді}

29 {إِنَّ الَّذِينَ تَدْعُونَ مِنْ دُونِ اللَّهِ لَنْ يَخْلُقُوا (.....) وَلَوْ اجْتَمَعُوا لَهُ}

{Негізінде, солар, Аллаһтан өзге тілек етіп табынғандарыңның, барлығы бірігіп жиналса да ешқашан бір (.....) жарата алмайды}

30 {وَأَعِدُّوا لَهُمْ مَا اسْتَطَعْتُمْ مِنْ قُوَّةٍ وَمِنْ رِبَاطٍ (.....) تُرْهِبُونَ بِهِ عَدُوَّ اللَّهِ وَعَدُوَّكُمْ}

{Оларға қарсы шамаларың келгенше күш-қуат және (.....) әскер әзірлендер, онымен Аллаһтың жауын және өз жауларыңды әрі өзгелерді де сескендіру үшін}